

БҮКІЛ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ЖЕҢІСІ!

Төрткүл дүниені дүбірге бөлеген Олимпиада ойындары Қазақстан үшін сәтті басталды. Байрақты жарыстың алғашқы екі күнінде 3 медаль қоржынға түсті.

Қазақ балуаны Елдос Сметов дзюдо татамиінде тарихи жеңіске жетті. Осыған дейін 2016 жылы Рио-де-Жанейро ойындарында күміс жүлдегер, 2021 жылы Токио ойындарында қола медаль алған дзюдошы Париж төрінде арманына жетті. 60 келі салмақта белдескен Елдос барлық қарсыластарынан басым түсіп, Олимпиада чемпионы атағын жеңіп алды. Тарихи жеңіске жеткен спортшыны алғашқылардың бірі болып Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтады. «Дзюдошымыз Елдос Сметовті Париждегі Олимпиада ойындарында алтын медаль жеңіп алуымен құттықтаймын! Оның шеберлігі мен қайсарлығының арқасында Қазақстанның туы биікте желбіреді. Елдос мықты қарсыластармен күресте төртжылдықтың басты додаларында топ жарып, әлемнің үздігі атанды. Сіздің жеңісіңіз – біздің бүкіл халқымыздың жеңісі!» деп жазды Мемлекет басшысы өз құттықтауында.



8



№90
(4678)

Сейсенбі
30 шілде
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Оңалхан ӨНЕРХАН



ЕЛОРДАЛЫҚ УРБАНИСТИКА ТРЕНДТЕРІ

4

Елордада жасылдандыру және абаттандыруды дамытуға бағытталған жұмыс жүйелі жүргізіліп келеді. Астана әкімдігі қоғамдық кеңістіктердің, жасыл аймақтардың, скверлер мен саябақтардың қаланың барлық аудан аумақтарында болуына ерекше маңыз беріп отыр. Осы бағытта жүзеге асырылып жатқан жобалардың нәтижесінде елордада урбанистік трендтер пайда болуда.

«БОЗОҚ» ФЕСТИВАЛЬГЕ ШАҚЫРАДЫ

Елорда іргесіндегі «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында 31 шілде күні сағат 11:00-де республикалық этнографиялық фестиваль өтеді.



«Бозоқ аруының көрікті шашбауы» іс-шарасы ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі саналатын және тағылымы терең қазақ әшекей бұйымдарына арналған.

Қонақтарға ежелгі салт-дәстүрлердің бірі «Шолпы тағу» көрсетіледі. Сондай-ақ фестиваль аясында белгілі ғылым, мәдениет және қоғам қайраткерлері ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттауға бағытталған рәсімдерді өткізеді.

«Бозоқ» – Орталық Қазақстандағы алғашқы ауқымды зерттелген ортағасырлық отырықшы ескерткіш. Музей-қорықтың ежелгі қалашығы – бүгінгі Астананың мыңжыл бұрынғы орны. Қазіргі таңда музей қорында 1242 экспонат бар.

БІЛІМ ГРАНТЫ КІМГЕ БҰЙЫРАДЫ?

Елімізде 104 мыңнан аса талапкер білім гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш берді.

Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметі бойынша, биыл бакалавриатқа түсу үшін 79 мыңға жуық грант бөлініп отыр. Гранттардың басым бөлігі инженерлік және техникалық бағыттарға бөлінген.

Биыл 42 мың талапкер Алматы қаласындағы оқу орындарын таңдаса, Астанада оқу үшін 22 мың өтініш қабылданған, ал 6,5 мың адам Шымкент қаласы университеттерінде оқуға ниет білдірген.

Грант иегерлерінің тізімі ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің сайтында және @gylym_jogary_bilim телеграм-арнасында, www.testcenter.kz сайты (ҰТО-ның ресми сайты) және TESTCENTERKZ телеграм-арнасында 10 тамызға дейін жарияланады.



САРБАЗ САУЛЫҒЫ
САЛҒЫРТТЫҚТЫ
КӨТЕРМЕЙДІ

5-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



МАҒЖАН НЕГЕ
ҚУДАЛАНДЫ?

6-БЕТ | РУХАНИЯТ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 515.38 \$ USD/KZT 474.83 ₸ RUB/KZT 5.5 ¥ CNY/KZT 65.48

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



«ЖАСТАР» САРАЙЫН АРАЛАДЫ

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов, Аманат партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек, қалалық мәслихат депутаттары «Жастар» сарайын аралап, мұндағы секциялар мен үйірмелер жұмысымен танысты.

«Жастар» сарайының ашылғанына биыл 50 жыл толды. Жарты ғасыр ішінде нысан елорданың мәдени-спорттық ордаларының біріне айналды. Күн сайын мұнда 1550-ден астам адам келеді. Соның 80 пайызы – балалар мен жасөспірімдер.

2024 жылы «Жастар» сарайы базасында «Жастар үйін», яғни коворкинг орталығын құру – Аманат партия-

сы Астана қалалық филиалы сайлауалды бағдарламасының басым бағыттарының бірі. Қонақтар тиісті жұмыстар барысымен танысып, мәселені талқылады. Бүгінгі таңда бұл нысанда үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және «Жайдарман» ойыншылары орналасқан. Әзірге жастарға арналған коворкинг орталығы Сарыарқа даңғылы, 13

мекенжайындағы «Астана жастары» жастар ресурстық орталығында жұмыс істеп жатыр. «Жастар сарайының» үйірмелері мен секцияларына жастарды тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Болашақта бұл нысан елордалық жастардың әлеуетін арттыратын мекенге айналып, жүйелі қызмет етеді» деді Ерлан Каналимов.

«JOLTAR» ЖОЛ АШТЫ

Елордада тұрғындардың қаржылық жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретін «JOLTAR» жобасы жалғасуда. Осы жоба аясында жұмыс іздеп жүргендер бүгінгі күннің заманауи мамандығы баристаны тегін оқуға болады. «JOLTAR» жобасының оқытушысы Тұрар Илиястың сөзінше, әлеуметтік жоба арқылы осы уақытқа дейін «Бариста» курсы 500-ден астам елордалық тәмамдаған. Оның ішінде 10 адам өз кофеханасын ашып, 300-ге жуығы жұмысқа орналасқан. Олар алдымен сынақ мерзімінен өтеді. Ал одан кейін жұмыста жақсы нәтиже көрсетіп жатса, орта есеппен айына 250-300 мыңға дейін ақша табады.

Айгүл УАЙС

– Жалпы курс бес күнге созылады. Бір күні тек теория оқытылады, яғни кофе дәндерімен танысу, оның тарихын білу, заманауи кофе сусындарымен танысады. Екінші күннен бастап студенттеріміз тәжірибе бойынша жұмыс істейді. Яғни кофе жасау ғана емес, оны безендіру әдістері туралы айтылады. Студенттер

курс барысында американо, капучино және латте дайындайды. Сонымен қатар кофеге қосатын қосымша қоспалар туралы айтылып, кофемашинамен жұмыс істеу және оны тазалау әдістері көрсетіледі» дейді Тұрар Илияс.

«JOLTAR» жобасы – үздік әлеуметтік жобалардың бірі. Бұл жоба жұмыссыз жандарға керемет мүмкіндік береді. Тек «Бариста» курсы ғана емес, қазіргі заманауи «SMM», «Мобил-графия» курстары ашылып,

тегін оқытылып жатыр. Әлі де жоба туралы білмейтін, естіген кезде таң қалып жататын адамдар бары жасырын емес. Сондықтан да қаламызда жұмыссыз жүрген жандар оқыту орталықтарына барып, жаңа мамандық меңгерсе дейміз.

Айта кетейік, «JOLTAR» жобасы бойынша оқыту бағдарламалары мамандыққа байланысты 2 аптадан 1 айға дейін барынша қысқа мерзімде нақты дағдыларды меңгеруге бағытталған.



БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкеннің қатысуымен өткен жиында білім ошақтарындағы балалар қауіпсіздігі мәселесі талқыланды.

Есет Байкеннің айтуынша, ең алдымен, балалар мектепке баратын жолдың қауіпсіздігі маңызды. Мониторинг барысында 45 білім беру нысанының кіреберіс жолдары бойынша проблемалар бар екені анықталды. Сол себептен Полиция департаментімен бірлесіп, жалпы білім беретін және мектепке дейінгі оқу орындарына жақын көше-жол желісіне тексеріс жүргізілді. Нәтижесінде білім беру ұйымдарына кіреберіс жолдары жөнделді.

Сондай-ақ білім беру нысандарының техникалық жағдайы тексерілді. «Өрт қауіпсіздігі мен спорт алаңдарының техникалық және санитарлық талаптарына сәйкестігіне 97 мектеп тексерілді. 73 мектепте талаптар сақталмаған. Кей мектептерде өрт сөндіру

жолдары өз мақсатына сай пайдаланылмағаны, өрт дабылдары уақытылы тексерістен өтпегені анықталды. Бұл уәкілетті органдар тарапынан ескертуге әкелді. Бүгінгі таңда қаланың бүкіл білім беру ұйымдары автоматты өрт дабылы жүйесіне қосылып, цифрлық бейнебақылаумен қамтамасыз етілген. Барлық камералар мен дабыл түймелері Астана қаласының Ішкі істер департаменті жанындағы жедел басқару орталығына қосылған» деді Есет Байкен.

Бұған қоса, аула және саябақ алаңдарының, балаларға арналған спорт ғимараттарының аумағында, мектептер мен балабақшалар территориясында бала өміріне қауіп төндіретін мәселелер ортаға салынды. Үзіліс кезінде балалардың

қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша мектеп ұжымына тренингтер өткізу, білім беру мекемелерінің, соның ішінде балалар лагерлерінің оқытушылар құрамын соттылығының бар-жоғын тексеру, жағажайда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, білім беру нысандарын күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу және «Мектепке жол» жыл сайынғы акциясы мәселелері талқыланды.

Қала әкімінің орынбасары биыл қыркүйек айында ашылатын 8 мектеп құрылысын уақытылы аяқтау, оған балаларды қабылдау, ұстаздар құрамын жасақтау, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету және басқа да мектептерде жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарды ағымдағы жылдың тамыз айына дейін аяқтауды тапсырды.

БАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Астанада шахмат өнері қарқынды дамып келеді. Әсіресе, жасөспірімдердің қызығушылығы артып, шахмат секциясына баратындардың саны өсіп келеді. Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов елордада шахмат мектебін қалыптастырып, табысты еңбек етіп жүрген бапкерлерді қабылдады.

– Бүгінде елордада шахматпен айналысатын балалардың өсуі байқалады. Қазақстандық шахматшылар – әлемдік рейтингтерде көшбасшы. Біздің мақтанышымыздың бірі – әлем чемпионы Қазыбек

Нөгербек. Осы ойынның жанкүйері бола отырып, әрқашан спортшылар мен тәлімгерлерді қолдауға тырысамын, – деді мәслихат төрағасы кездесуде.

Шахматшылардың тұтас бір тобын тәрбиелеген жат-

тықтырушылар – Астана құрамасының бас бапкері Бақтияр Нұғыманов, жаттықтырушы Баян Есенғабыева, Жамал Конторбаева, Ержан Шәкеновты қабылдап, алғыс хаттар мен естелік сыйлық табыстады.



КӘСІПКЕРЛЕР ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

Елордалық екі мыңнан астам кәсіпкер «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экоакциясына қолдау көрсетті. Қаламызды жақсарту мен абаттандыруға үлес қосуға MEGA Silk Way, KeruenCity, Asia Park, Magnum, Small, базарлар, өнеркәсіптік кәсіпорындар, туризм және т.б. сауда және ойын-сауық орталықтары бар.

«Бұл акция бірлескен күш-жігердің үлкен өзгерістерге әкелетінін көрсетті. Шағын, орта және ірі бизнес өкілдері бірігіп, әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық сананың үлгісін

көрсетуде» деп атап өтті Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының баспасөз хатшысы Марал Қужубаева. Кең ауқымды экоакцияға

қатысушылар, сауда нысандарына іргелес аумақтарды жинау, көгалдар мен гүлзарларды тазалауға және абаттандыруға белсенді қатысуға шақырды.

№90 (4678) 30/07/2024 Сейсенбі

– Айтыңызшы, урбанистика мен архитектураның айырмашылығы неде?

– Урбанистика – бұл қалалық ортаны дамыту туралы ғылым, ол сәулет, әлеуметтану, экономика және психология саласындағы білімді қажет етеді. Астанада бұл мамандыққа оқытылмайды, ал шетелде urban planning – танымал мамандық.

Сәулетші нормалар мен талаптарға негізделген және өзінің шығармашылық көзқарасын көрсететін ғимаратты жобалаумен айналысады. Ал урбанист ғимараттың қалалық ортаға қалай біріктірілетініне, бұл нысанның қандай пайдасы бар екеніне, онда қанша жұмыс орны болатынына және т.б. жауапты.

– Елордада қоғамдық кеңістіктер желісін құруға жүйелі көзқарас қалыптасты ма?

– Өткен жылы елорда әкімдігі қаланы көгалдандыру жарғысын әзірледі. Бұл құжат Астананы жасылдандыру мен абаттандыруды дамытуға бағытталған, сондықтан осы екеуі ажырамас элемент ретінде қашанда қатар жүргізілуі керек. Біз алдымен қала аумағын зерттеп, қай жерлерде жұмыс істелуі керек екенін анықтап алдық.

Астана әкімдігі қоғамдық кеңістіктердің, жасыл аймақтар, скверлер, саябақтардың барлық ауданда болуына ерекше көңіл бөледі. Бұл мүмкін болмаған жерде бульварларды дамыту туралы шешім қабылданды. Бір жыл бұрын осы қағида бойынша Сәтбаев көшесі абаттандырылды. Бұрын бұл көшемен көп ешкім жүрмейтін. Қазір ол адам танымастай өзгерді, кешке бұл жер қалалықтардың балаларымен бірге уақыт өткізетін орнына айналды. Онда демалыс аймақтары, ойын алаңдары жабдықталған. Енді тұрғындар шалғайдағы саябақтарға барып, уақыт кетірмейді. Үйден шықса болғаны, кешкі демалыс үшін барлық жағдай жасалған. Бұл учаскеде жүретін адамдар санының артуына байланысты шағын бизнес орындары да көптеп ашылууда. Сәтбаев көшесінің бойында абаттандыру жұмыстары аяқталғаннан кейін желілік бренд кофеханасы ашылды.

Әкімдік мұндай аймақтар қаланың әр ауданында болуына ықпал етіп келеді. Биыл «Ұлытау» аллеясына ірі еуропалық ағаштар отырғызылды. Бар-жоғы бір-екі айдың ішінде осы маң жаңаша түрге енді. Мен осы жердегі мекемелерге арнайы бас сұғып, соңғы кезде қандай өзгерістер болғанын сұрап жүремін. Олардың айтуынша, соңғы кезде келушілер қатары 2-3 есе өсті, әсіресе кешке мұнда адам көп келеді. Бұл шағын бизнестің дамуына әсер етуде. Сонымен бірге тұрғындар демалу үшін қала орталығына немесе басқа алыстау жерге бармай-ақ, үйдің жанында отыруға мүмкіндік алды.

Қазір Алматы ауданындағы Еуразия ұлттық университетінің алдында Ақбұлақ өзенінің жағалауын абаттандырып жатырмыз. Бұл – тұрғындар тығыз қоныстанған аймақ, бұл жерде бұрын басқаша болатын. Қазір жағымсыз иіспен күресу үшін ағынның түбі тазартылууда.

Қаланың тарихи бөлігін қалыпқа келтіруді де ұмытпаймыз. Ескі сапаржай – қонақтар көп келетін Астананың кіреберісі қақпасы. Осы маңда, «Жастар» театры, Гете және Біржан сал көшелерінде көгалдандыру, жарықтандыру жұмыстары жүргізілуде.

Осыдан екі жыл бұрын «Встреча» сауда үйінің алдындағы кеңістік абаттандырылды. Бұл жер де бүгінде тартымды аумаққа айналды. Кейбір қала тұрғындары жаз бойы жолдар қазылып, көшелерде жөндеу жүргізілетініне шағымданады. Дегенмен, Астанада бұл жұмыстар үшін небәрі үш-ақ ай қарастырылған, жаз тым қысқа, сондықтан осы уақыт ішінде барлық жоспарды жүзеге асырып үлгеруіміз керек.

Биыл әкімдік Есіл өзенінің оң жағалауынан басқа, сол жағалаудағы ескірген абаттандыру учаскелерін жаңарту туралы шешім қабылдады. Қазір Мәңгілік ел даңғылында, келесі жылы Түркістан, Ақмешіт көшелерінде жұмыстар жүргізілуде. Сондай-ақ биыл Қонаев, Достық көшелеріндегі жаяу жүргіншілер аймақтарының жабыны ауыстырылды.

Қыркүйек айында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Осы іс-шараға дайындық аясында «Аста-



ЕЛОРДАЛЫҚ УРБАНИСТИКА ТРЕНДТЕРІ

Астанадағы қоғамдық кеңістіктер қалай абаттандырылууда? Қаланың қай жерлері көгалдандырылды? Алдағы уақытта осы салада қандай жобалар жоспарланып жатыр? Қала әкімдігі жанындағы Урбанистика орталығының жетекшісі Елнар Базыкенмен осы және басқа да мәселелер туралы әңгімелестік.

на Арена» стадионының ауданында спорт кластері, Қабанбай батыр, Тұран даңғылдары абаттандырылууда. Нұра ауданының әкімдігі «Жағалау» үлкен тұрғын үй кешенінің аумағын кешенді жөндеп жатыр. Қала басшылығы тұрғындардың барлық негізгі қажеттіліктерін біледі және бөлінетін қаражатқа сәйкес, жобалар басымдығы бойынша іске асырылууда.

– Жаңа вокзал ауданы белсенді даму үстінде, бірақ Қошқарбаев даңғылы, Әзірбаев көшесі бойында серуендеу тым ыңғайсыз екені жасырын емес. Бұл бағытта қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

– Біз Қазақ елі алаңынан бастап жаңа вокзалға дейінгі Мыңжылдық аллеясының ландшафттық шеберлік жоспарын әзірледік. Әкімдіктің негізгі идеясы – Мыңжылдық аллеясы жоспарланған орталықта алаңнан вокзалға дейін созылатын тұтас желілік парк жасау. Тиісінше, Әзербайев, Қошқарбаев сияқты барлық қиылысатын көшелерде бульварлар, жергілікті саябақтар орын алатын болады. Биыл Жүргенов көшесіндегі бульварды абаттандыру басталды. Бүкіл жоба үшін 5-7 жыл қажет.

Әкімдік Мыңжылдық аллеясында суарудың автоматтандырылған жүйесін жүргізуге ниетті екенін атап өткен жөн. Бұл ағаштарды дұрыс

бағып-күтуге ықпал етеді. Алдағы 5-7 жыл ішінде қалада осындай суаруды енгізу жоспарланып отыр.

– Көппәтерлі тұрғын үйлердің аумағында көгалдандыру жарғысының аясында қандай өзгерістер болады?

– Бұрын құрылыс салушылар айналынып жатқан аумақтарда көп көңіл бөлмеді. Бір жыл бұрын әкімдік құрылыс салушылармен бірқатар кездесулер өткізді. Соның нәтижесінде өткен жылдан бері олар жасыл желектердің санын 2,5 есеге арттырды.

Қазір бекітілген дендроплансыз құрылыс компаниясы үйді пайдалануға бере алмайды. Олар алдымен жоспарларын келісуге тапсырады, біз бұл жердегі жасыл кеңістіктердің санын қарастырамыз. Жалпы, бұл құжаттың негізгі идеясы – гектарына 100 ағаш пен 1,5-2 мың бұтаны қамтамасыз ету. Бұл ретте кейбір құрылыс жүргізушілер аумақтың аздығынан айналаға ағаш отырғыза алмайтындарын айтады. Сондай-ақ бұл құжатта жалпы талаптардан басқа, біздің климатқа қолайлы деп танылған 28 ағаш түрі: 20 жапырақты, 8 қылқан жапырақты ағаш егу көрсетілген. Кейде қателіктерге жол берілетіні шындық, өйткені тәжірибелі дендрологтар, осы саладағы тәжірибелі мамандар аз. Алдағы уақытта дизайнерлер, әзірлеушілер



Жарғыны басшылыққа ала отырып біраз жұмысты қолға алады.

Биыл елордада 1 миллионнан астам жасыл желек отырғызу жоспарлануда. Бүгінде олардың жартысынан көбі отырғызылды, күзгі отырғызу аясында жұмыс әлі де жалғасуда.

– Ұсынылған ағаштар тізімінде терек бар ма? Одан бас тартуды жоспарламайсыз ба?

– Терек – біздің дала ағашы, ол өте жақсы тамыр алады, тез өседі және зиянынан гөрі пайдасы көп. Ол көмірқышқыл газын жақсы тұтынады, өйткені оның жапырақтары үлкен және оттегі береді.

Жалғыз кемшілігі – мамығы. Бірақ оның ұшуы 2-3 аптаға ғана созылады. Бұл теректерді шет елдер өздерінде өсіру үшін сатып алады.

– «Ұлытау» аллеясына неге қаратал отырғызу ұйғарылды?

– Өйткені бізде қыс қатал. Негізінде, Астана – орманға жарамсыз аумақ. Өздеріңізге мәлім, елордада ағаштардың барлығы бірдей тамыр жаяды деу қиын. Ал бұл ағаштар аязға төзімді. Әрине, оларға күтім қажет. Дегенмен хош иісті әрі гүлдейтін бұл ағаштардың көлеңкесі ыстық күндері көпшілікке қорған болады.

«Ұлытау» аллеясына отырғызылған ағаштар үш жылдан кейін бой көтеріп, айналыны жасыл желекке орайды.

– Жалпы, Астанада ересек дарақтарды көптеп отырғызу жоспарланды ма?

– Жоқ, елордада 6-10 жас аралығындағы жас ағаштар да отырғызылууда. Бірақ биыл ересек дарақтар көбірек егілді. Жалпы, біздің қалада ағаш өсіру оңай шаруа емес, айнала шаң-тозаң, одан қалды газ, түз, кір.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын қаланы көгалдандыруда көпжылдық гүлдерді пайдалану міндеті қойылған болатын. Бұл тапсырма қаншалықты орындалды?

– Соңғы 2-3 жылда біз жоба бойынша көпжылдық бұталарды, гүлдерді отырғызудамыз. Бүгінде елорда көшелерінде гүлді бұталар, мысалы, шалфей, оның күлгін түсі, гортензия, әдемі жапырақ беретін бұталар және т.б. отырғызылды. Олардың бірі маусымда, екіншісі шілдеде, үшіншісі тамызда гүлдейді.

Әлем тәжірибесінде көпжылдық бұталар көбірек қолданылады, біз де соны пайдаланудамыз. Дәнді өсімдіктер шетелде трендте. Олар топтық көгалдандыру композицияларында қолданылады әрі өте әдемі көрінеді. Біз де тәжірибелерді зерттеп, зерделейміз, ал мамандар істі бақылап отырады.

– Елорда әкімдігі енгізген жаңалықтардың бірі – қаладағы көпірлер астына қоғамдық кеңістіктерді жайластыру. Бұл тәжірибені жалғастыру жоспарланған ба?

– Мұндай алғашқы кеңістіктер Триатлон паркінде, Еуразия ұлттық университетінің жанында, «Атырау» көпірінің астында орналастырылды. Алдағы уақытта олардың қатарын көбейттіміз келеді. Тәжірибе көрсеткеніндей, бұл кеңістіктер спортпен шұғылданатын жастардың жиі бас қосатын орнына айналды. Өйткені ыстық ауа райында шатырдың астында жаттығу өте ыңғайлы.

Үш жылдан астам уақыт өтсе де, бұл жоба өзектілігін жоғалтқан жоқ. Менің ойымша, бұл құптарлық іс, олардың қатарын көбейту керек. Астанадан сыртқарырақ орналасқан аймақтар біздің бұл идеямызды жалғастыруда. Мәселен, Семей қаласындағы жаңа көпір астында дәл осындай жоба жүзеге асырылды. Бүгінде бұл кеңістік көпшіліктің тартымды орнына айналды.

– Қалада көпірлердің астында жаяу жүргіншілер байланысы құрылууда. Абылай хан даңғылымен Ақбұлақ өзенінің арғы жағына өту үшін бұрынғыдай көпірге шығудың қажеті жоқ. Мұндай тәсіл тағы қай жерде енгізіледі?

– Біз Есіл өзенінің бойында орналасқан 9 саябақты бірыңғай жаяу және велосипед жолдарымен біріктіргіміз келеді, соның ішінде барлық көпірлердің астында жаяу жүргіншілер байланысын қамтамасыз ету жоспарда бар. Бұл өте ыңғайлы болады.

– Елорданың дизайн-коды бойынша қандай жұмыстар атқарылууда?

– Өткен жылдан бастап дизайн-код аясында сыртқы жарнама бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде. «Астана-Жарнама» КММ құрылды, ол қала бойынша сыртқы жарнаманы бақылаумен, келісумен жүйелі түрде айналысады. Бірақ дизайн коды тек жарнама ғана емес, ол көше профиліне, велосипед жолдарына, көгалдандыруға, жаяу жүргіншілер аймақтарына, белгілерге, навигациялық тақталарға да қатысты. Биыл елорда қоғамдық көлікті брендтеу бастады.

Жалпы, елорданың имиджін қалыптастыруда бекітілген бірыңғай тұжырымдаманы ұстанудамыз. Қазір көше саудасының тұжырымдамасы жасалуда. Бұл ретте павильондардың қандай болуы керектігін кәсіпкерлермен тұрақты кездесулер өткізу арқылы талқылаймыз.

Елордада барлық құрылыс салушылар мен кәсіпкерлер ұстанатын қатаң код, визуалды тіл болуы керек. Бірақ ештеңе де бірден бола салмайды, бастысы, қала тұрғындары бұл іске түсіністікпен қарауы қажет, ол үшін әрине, уақыт керек.

Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында көшелерге билбордтар, қоршауларға баннерлер ілінді. Олар да осы оқиғаға арналған тұжырымдама аясында жарасалған. Қалада ұйымдастырылатын Наурыз және басқа да мерекелер кезінде безендірудің осындай бірыңғай түрлері ескерілуі қажет.

Мансия САКЕНОВА,
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



Гүлмира
АЙМАҒАНБЕТ

САРБАЗ САУЛЫҒЫ САЛҒЫРТТЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

Кез келген ұжымда жұдырықтай жұмылып, жұмыстың жемісті нәтижесін көрсетуге зор ықпал ететін бөлім болады. Үркер кентінде орналасқан Ұлттық ұланның 5573 әскери бөліміндегі ықпалды бөлім ретінде әскери лазаретті айтуға болады. Лазарет басшысы, аға лейтенант Дастан Болатбекұлымен кездесіп, бірлігі жарасқан берекелі ұжымның жұмысын өз көзімізбен көрдік. Лазарет басшысы – медицина саласының маңызды деген бағытындағы білікті дәрігер-хирург. Еліміздің бас шаһарындағы №1 қалалық ауруханада бес жыл жемісті еңбек атқарған. Медициналық мекеменің шұғыл қабылдау бөлімінде жедел көмекті қажет ететін түрлі жағдайларда, әртүрлі шағыммен келген науқастарға кезек күттірмес ем жүргізу тәжірибесі бар.

«Әрине, пенде ретінде әрқайсысымызда әрқалай мақсат бар. Дегенмен, біз ең алдымен осы мемлекеттің азаматы ретінде «Еліме не бере аламын?» деген сауалдан аттап кетпеуіміз керек. Былтыр әріптестерімнен «Әскери медицинада мамандар тапшы, өз бағытын бойынша ол жақта да қызмет етуге болады» дегенді естіп, ұсыныстан бас тартпадым. Себебі Астана медицина университетінде білім алып жүргенде-ақ әскери кафедрасы қатар оқығанмын. Үйде жалғыз бала болсам да, әкем босаңсытпай, ер мінезді болуды, әрбір іске жауапкершілік алуды, адал еңбек етуді бойыма сіңіре білді. Табиғатыма да жақын келіп тұр деп, қыркүйек айында астаналық құрамаға қабылдандым» дейді ол.

Дастан Болатбекұлының Ұлттық ұланға қалай келгенін білген соң, әрі қарай лазареттің атқаратын қызметі мен ондағы медициналық персонал жайлы толығырақ сұрадық. Лазарет басшысы болып тағайындалғанына көп уақыт бола қоймаса да, әскери дәрігер сан-салалы бағытты қамтитын үлкен ұжымды жүйелі басқарып келеді. Бұл ретте өзінің басшысы – құраманың медициналық қызметінің бастығы, подполковник Рауан Құрмансейітке алғысы шексіз. Рауан Геннадьевич – Қорғаныс министрлігінде біраз жыл қызмет еткен, әскери медицинада мол тәжірибесі бар терапевт-дәрігер. Лазареттің офицерлік-дәрігерлік құрамына келер болсақ, лазарет ісін басқаруда Дастан Болатбекұлына орынбасары, майор Ақмарал Байкенованың да көмегі зор. Ақмарал Теміртасқызы да – терапевт.

Бұдан бөлек, аталмыш ұжымда офицер-фармацевт дәрігер қатардағы Әйгерім Әшімованың да рөлі басым. Әйгерім Ғазизқызы дәріхана басшысы ретінде құраманың барлық батальондарындағы медициналық пункттерін, лазарет бөлімдерін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етеді. Дәрігерлік тағайындамасы бар әскери қызметшілер үй жағдайында

Елордалықтар мен қала қонақтарының қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіп мен тыныштықты қамтамасыз етуге Ұлттық ұланнан күн сайын 1200-ден аса әскери қызметші жұмылдырылады екен. Ал олардың денсаулығына кім жауапты? Офицерлер, сержанттар мен сарбаздарды аяқтан тік тұрғызып, сапқа қайта оралуына кім жағдай жасайды? Осы ретте Ұлттық ұланның 5573 әскери бөліміндегі әскери лазареттің жұмысымен танысып қайттық.



ЕЛОРДАЛЫҚ ЕМХАНАЛАРҒА ЖҮГІНЕДІ

«Жұмыс барысында №12 қалалық емханамен тығыз байланыстамыз. Сол мекеме арқылы толыққанды тексеруден өткіземіз, портал аламыз. Кей науқастарымызды Ішкі істер министрлігінің госпиталіне жатқызамыз. Ал егер госпитальде жоқ бөлімшеге бару керек болғанда, қалалық №1, №2 емханаларға жолдама беріледі. Сол секілді, Қорғаныс министрлігінің госпиталіне науқастанған әскери қызметшіні жатқызбасақта, қызметтік бағытта өзара тығыз тәжірибе алмасу бар. Себебі, Қарулы күштер мен басқа да әскери құрылымдар сүйенетін басшылық құжат бір. Мәселен, өткен жылдың желтоқсан айында Ұлттық қорғаныс университетінде әскери медициналық мәселелер мен салалық жабықтар бойынша бірлескен жиында шенді басшылармен бірге күн тәртібіндегі ортақ сұрақтар талқыланды. Биыл да оң жемісін берген бұл бастама күзге қарай тағы да жалғасын табады. Ішкі істер министрлігінің 2023 жылғы 11 қыркүйекте шыққан №420 бұйрығы – Ұлттық ұланның медициналық қызметіне арналған негізгі құжат. Ал әскери-дәрігерлік комиссия кезінде Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы №722 бұйрығын басшылыққа аламыз» дейді лазарет басшысы Дастан Болатбекұлы.

Лазареттегі маңызды бөлек бөліністің бірі – санитариялық-эпидемиологиялық орталық. Майор Әсел Жұмаділова басшылығы ететін бактериологиялық лабораторияда менингит, ішек инфекциялары қаралады, процедуралық кабинеттер, жарақат таңу бөлмелері мен стоматологиялық кабинеттен алынған сұйықтықтар талданады.

«Талдау жұмыстарына алдын ала дайындық жүргізіледі, қажетті құралдарды стерильдеп,

ем алуы керек болғанда рецент бойынша дәрі-дәрмекті береді. Қажетті препараттарға, көп қолданылатын немесе таусылуға жақын дәрілерге тапсырыс жасап, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы алынуы қадағалайды. Жеке кәсіпкер ретінде фармацевтика саласында 11 жыл қызмет еткен, осы жолдағы жалпы еңбек өтілі 15 жылға жуықтайды. Көмекшісі қатардағы Әбуәліп Нұрисламмен дәрілер есебін жүргізеді.

Сондай-ақ, дәрігер-маман, аға лейтенант Айгерім Сәтбаева, лор дәрігері, капитан Жанат

медициналық пункт бастығы, төрт фельдшер (бірі батальон береді, қалған үшеуі үш рота фельдшері), санитарлық нұсқаушы, дезинфекторы болады. Тек қамтамасыз ету батальонының медициналық пунктінің штаты екі ғана фельдшерден тұрады, алдағы уақытта батальон құрамы тағы басқа бөлініспен ұлғайған жағдайда, сәйкесінше медпунктіне тағы бір фельдшер лауазымы қосылмақ екен. Пункт бастығы жоғары әскери медициналық білімге не терапевт, емдеуші дәрігер болса, қалғаны – орта медициналық персоналдар. Бұл кісілердің

Бригада лазареті балансында алты медициналық техника бар: үш УАЗ көлігі, екі реанимациялық көлік, жылжымалы флюорак (яғни флюорографиялық кабинет) және санитариялық-эпидемиологиялық орталықтың лабораториясы. Соңғы аталған екі техника Қазақстанның барлық облыстарына, дәлірек айтқанда әскердің өңірлік қолбасшылықтарына шығып тұрады. Аймақтардағы әскери бөлімдерге шақырылым келген кезеңдерде немесе белгілі бір ауру түріне күмән пайда болып, зерттеу жұмыстары қажет болған жағдайда арнайы



Жарболов, стоматолог-дәрігер, майор Айгүл Үсенбаева сынды білікті құрам лазаретте қажырлы қызмет етеді. Бұдан бөлек сержанттық құрамда 15-ке жуық маман бар.

50 НАУҚАСҚА ДЕЙІН ЕМДЕЛЕ АЛАДЫ

Құрама ішіндегі жедел мақсаттағы әр батальонның медициналық пунктінде 6 штат:

бәрі де сарбаздар мен әскери қызметшілердің денсаулығына, тазалығына, салауатты өмір салтына жауап береді. Шағымдары болса, тексеріп-талдап, күндізгі стационар секілді медициналық пунктін ем-дом шаралары бөлмесінде емдейді. Ал егер стационарға жатқызу керек болған жағдайда, лазаретке жолдайды. Лазаретте 50 науқасқа дейін жатқызу мүмкіндігі қарастырылған.

мамандармен бірге барып, ішек жолдарынан алынған жақпалар алынады, оларға талдау жасалады, стафилококк бактерияларын зерттеу, медициналық қаралымдар сынды шараларды жүзеге асырады. Әскери бөлімдердің санэпидемиологиялық ахуалын бақылайды. Процедуралық кабинеттер мен жарақат таңу бөлмелерінен жақпалар алып, қорытындысымен жұмыс істейді.

ДӘРІ-ДӘРМЕК БАҒАСЫН ТӨМЕНДЕТУГЕ ШАҚЫРДЫ

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова қазақстандық фармацевтикалық компаниялардың өкілдерімен және негізгі дистрибьюторлармен кездесті. Жиында 2025 жылға арналған дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды сатып алу мәселелері талқыланды.

«Мемлекет барлық азаматтар үшін медициналық көмек пен дәрі-дәрмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге ұмтылады. Сатып алу науқанын бастамас бұрын, өндіруші белгілеген дәрі-дәрмек бағасы қолайлы және қолжетімді екеніне көз жеткізу маңызды. Бұл ретте жергілікті дистрибьюторлардың үстеме бағасы регрессивті үстеме шектерде қалуы тиіс» деп атап өтті Ақмарал Әлназарова.

«СҚ-Фармация» ЖШС деректері бойынша Бірыңғай дистрибьютор сатып алуды ұзақ мерзімді шарттар,

тікелей келісімшарттар, халықаралық ұйымдар мен тендерлер арқылы жүзеге асырады. Тендер және отандық өндірушілермен ұзақ мерзімді шарттар бойынша сатып алу үлесі 88%-ды құрайды. Конкурстық рәсімдердің қорытындысы бойынша өткен жылы шамамен 21,5 млрд теңге үнемделсе, биыл 50 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды. Денсаулық сақтау министрі фармацевтикалық компаниялардың өкілдерін әлеуметтік жауапкершілікті көрсетуге және бағаны төмендетуге қайта қарауға шақырды.



(Басы газетіміздің №75 санында)

«Аштық қабырғаға батқанда адамның есі кетеді, шырқырап жан даусы шығады, осындай кезде басқалар Сарыарқа ұлының ыңырсып қана жан тәсілім бергенін байқамайды. Мәдениетті қала адамы айқай-шу көтеруге бейім, ол өзінің осы шуымен Сарыарқаның әлсіз ғана ыңқылын басып кетеді, естіртпейді. Міне, қазақ даласындағы аштық сұмдығын орыс жұртшылығы білмеуі сондықтан. Әйтеуір, қандай себеп болса да, нақты жағдай осындай, басқаша емес. Аштықтың ауыртпалығынан қазақ ауылы құрып барады, ал қазақ халқы адамдық бейнесінен ада болуда».

Атап айту керек, Мағжан мұны өзінің Қызылжарда жазған соңғы мақаласы болатынын білген жоқ еді. Ертеңінде жанына Қызылжар мешітінің мұхтасибі Бегішевті алып, Көкшетау уезіне мал жинауға аттанып кетті. Аш-арықтарға көмектесіп, іссапарда жүргенде төбесінен жай түскендей суық хабар алды.

Осы «Мир труда» газетінің 1922 жылғы 8 тамыздағы санында губерниялық атқару комитетінің төрағасы Сабыр Шәріповтің «Қазақ болыстарындағы кеңестер сайлауы» деген мақаласы басылды. Кеңестер құрамына лайықты адамдар сайлау қажет деген сияқты көрінгенімен, негізгі мазмұны «жергілікті билік орындарына бұрынғы алашордашылар сайланып кетпесін!» деген байбалам еді. Атап айтқанда, газеттің кімдерді мезгеп, автордың кімдерге нұсқап отырғаны ертеңінде, 9 тамыздағы газетте жарияланған «Алашордашыларға Кеңес ұйымдарында орын жоқ!» деген екінші мақаладан көрінді.

Шәріповтің мақаласын сөзбе-сөз қазақшалағанда былай: «Қазақ интеллигенциясының көсемдері, буржуялар мен кулактардың ұлдары, жалдаптары Жұмабаев, Тілеулин, Мұқышев, Сейітовтер, Игбаев, Тұрлыбаев, Жанайдаров, Нұралин кезінде Бөкейхановтың, Байтұрсынов пен Дулатовтың батасын алып, соңынан еріп, Колчак тұсында жауапты қызметтер атқарды. Кеңес өкіметі бұл интеллигенттердің біреуін де жазалаған жоқ, оларға жауапты қызметтер берді. Бірақ, олар жұмысқа бөгет жасап келеді. Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізеді. Олар Петропавлда бірнеше большевикті атып өлтірді... Алдағы кеңестер сайлауында бұрынғы алашордашыларға, әсіресе олардың көсемдеріне бірде-бір дауыс берілмесін!».

Осындай жаладан кейін, Мағжан бас сауғалап, Қызылжардан, Қазақстаннан кетіп, Түркістан республикасының астанасы Ташкентке табан тіреуге мәжбүр болды. Жазушы С.Мұқанов қазақ зиялыларының амалсыз Ташкентті паналағаны жөнінде 1960 жылы былай деп жазды:

«Қазақ автономиялы республикасында таяқ жеген, алашордашылардың бір тобы (көпшілігі), сол кезде «Түркістан» аталатын республикаға барды да, ондағы басқару ісінде жүрген бояма коммунистердің жәрдемімен оқу, баспасөз орындарына қызметке кірді. Мәселен: Халел Досмұхамбетов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов және тағы басқалар. Бұлар – Алашорданың ірі қайраткерлері. Алашордашы жастардың да біразы Түркістан орталығы – Ташкентте болып, бір жағынан оқу оқыды, екінші жағынан идеологиялық майданда алашордашылдық қызметтерін жүргізіп жатты. Мәселен, Қошқе Кемеңгеров, Даниал Исхақов, Ғабдолла Байтасов және тағы басқалары. Алашордашылардың «ескілерінің» де, жастарының да, ұлтшылдық бағытта жазылған шығармаларына, сол кезде Ташкентте шығатын «Ақ жол» газеті, «Шолпан», «Сана» журналдары кең орын берді. Осы баспасөздердің бетінде советке қарсы шығармалары үздіксіз жарияланған Мағжан Жұмабаев біраздан кейін тіпті еркінсіп алды да:

«Кене мен Абылайдың жолын қумай, Жапанда жайылудың мәні қалай?» деп қазақты Ресейге қарсы құралды көтеріліске шақырды.

Мағжан Жұмабайдың 1922 жылдың күзінде Ташкентке келіп, атқарған жұмыстары туралы Сәбит Мұқанов берген мағлұмат осындай.

Ақынға мұнда да тыныштық болмады. Түркістан республикалық ғылым қоғамының құрамында істеп жүрген Мұхтар Әуезов екеуі республикаға

МАҒЖАН НЕГЕ ҚУДАЛАНДЫ?

«Қазіргі қазақ даласы Екатерина заманындағы Сарыарқа емес, сүрленген жылқы еті тау болып үйіліп, сары қымыз дария болып, ағып жатқан жоқ... Сарыарқаның күйзелген күйін көрейік, күңіренген үнін тыңдайық...» деп келеді де, Мағжан орыс тілді оқырманға, билік басындағы лауазым иелеріне өз халқының қайғылы жағдайын түсіндіріп береді.



берілген екі жолдаманы алып, Ленинградқа оқуға кетпек болады. Білімдері жетпегендіктен емес, аумалы-төкпелі заманның толқыны басылғанша, бой тасалай тұру мақсатында дегеніміз дұрыс. Ташкенттен кетер алдында Мағжан өзінің өлеңдер жинағын асығыс дайындап үлгерді. 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан Сұлтанбек Қожановтың жазған алғы сөзінен:

«Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері қазақ әдебиетінде үлкен орын алған деп отырмыз. Мағжан өлеңдерімен оқушылар бұрыннан таныс. Әдебиет жаңа айқындалып, әдебиет тілі енді жасалып келе жатқан жұртта Мағжандай ақындардың қызметі зор екені анық.

Осы күнге дейін Түркістанда «қойшылар тілі» саналып келген, ресми қағаздар жазуға жарамсыз делініп келген қазақ-қырғыз тілі іске аспауы былай тұрсын, өнерге асатын, бай, көркем, жатық, таза, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңдері көрсете алады. Сондықтан, біз Мағжан өлеңдерінің саяси мәнісінен гөрі, әдеби мәнісін көбірек көздеуді міндет тұттық. Сол жақтарын ескеріп, Мағжан өлеңдерінің ішінде кез келетін марксизм дүниетануына ұйқаспайтын жерлерін оқушылар көре салып, үрікпей, көркемдік жағына, сыршылдық жағына, суреттеу жағына көбірек көз салуы керек. Тарихын, мәнісін жете түсінуі керек.

Бұл кітапқа Мағжан Жұмабайұлының баспасөз майданына шыққаннан бергі жазған өлеңдерінің көбісі кірді. Басу жағынан түзей алмай отырған кемшілігіміз – қай өлеңнің, қай жылы һәм қай шарттарда жазылғандығын көрсете алмауымыз. Сөйтсе де Мағжан өлеңдері әдебиет тарихындағы соңғы 10-15 жылғы ағымдарды тексеруге де жақсы құрал бола алады деп ойлаймыз.

Бұл кітап қазағына арнап «Абайдан» кейінгі екінші басылып отырған әдебиет кітабымыз – осы «М.Жұмабайұлының өлеңдері». Мағжан өлеңдерінің тіл жағынан, әдебиет жағынан пайдасы көп болады деп сенеміз».

Совет өкіметінде «Мағжан Жұмабай деген ақын болған» деген түсінікті еске алуға тыйым салынған шақта алыстағы Түрік мемлекетінде Мағжанның өлеңдері кітап болып шыққанын қазіргі қазақ біле қоймайды. 1965 жылы белгілі көсемсөзші, ұлт қайраткері Хасан Оралтайдың Түрік мемлекетінің Салихлы қаласын-

дағы Әзірбайжан мәдениеті мен өзара көмек қоғамы арқылы дайындап, İzmir қаласындағы баспаханадан шығарған «Buyuk turksu Magjan Jumabayoglu (Ұлы түрікшіл Мағжан Жұмабайұлы)» деген 40 беттік кітабына Мағжан ақынның қысқаша өмірбаяны беріліп, түрік елімізде алатын орны көрсетілген. «От», «Жер жүзіне», «Жер жүзін топан басса екен», «Мен кім?», «Сағындым», «Түс», «Қараңғылық қоюланып келеді», «Алдамшы өмір», «Есіне кім алады?», «Тілегім», «Жауға түскен жанға», «Түркістан», «Алыстағы бауырыма» деген 13 өлеңі басылған. Бұл өлеңдер түрік тіліне аударылмай, қазақша түпнұсқасы латын әліпбиінің түрікше нұсқасымен берілген. Яғни, басылым тікелей қазақ оқырманына арналған.

Кітапқа алғысөз жазған Салихлы қаласындағы Әзірбайжан мәдениеті мен өзара көмек қоғамының президенті Хамза Ушар Мағжан ақынды «Түркістан Түріктерінің ұлы ақыны» деп таныстыра келіп, «...өлеңдерін толық шығаруға мүмкіндік болмады, осының өзі ұлы адамды көпке таныстыруға жоралғы болады» деп сендіреді.

2018 жылы Анкарада халықаралық «Түрікшоя» ұйымының қолдауымен, Дүйсен Қорабайұлы Қасейіновтің Takdim (Алғысөзімен) Magjan Jumabay Uzaktaki kardsime (Мағжан Жұмабай, Алыстағы бауырыма) деген жинағы басылып шықты. Бұл кітаптың ерекшелігі – Мағжан өлеңдері латын әліпбиінің түрікше нұсқасымен қазақ тілінде берілген де, қатарына түрікшеге ақын әрі зерттеуші Ali Akbas (Әли Ақбас) аударған нұсқасы басылған. Жинақтың беташарына «Қазақ тілі» және «Алыстағы бауырыма» деген өлеңдер ұсынылған.

Анкарадағы Ғазы университеті тіл және әдебиет бөлімінің профессоры, мағжантанушы ғалым, доктор Fernat Tamir (Фернат Тамыр) жинаққа ғылыми алғы сөз жазып, Мағжан Жұмабайдың өмірі мен шығармашылығынан бірқатар мағлұмат берген.

Солтүстік Қазақстан облыстық архивінде мынадай құжат сақталған. Орыс тіліндегі түпнұсқасын қазақшалағанда: «Өте-мөте құпия. Ақмола губерниялық Литосына (кеңестік баспасөз цензурасының бүркеме атауы). «...Мағжан Жұмабаевтың қазақ тіліндегі өлеңдер жинағы. Түркістан мемлекеттік баспасы, 1923 жыл». Осы кітапты айналымнан алып, арнайы нұсқау берілгенше сақтап

қойыңыздар...».

Мағжантанудың ұзақ көшінің басында Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан тұрғанын айту парыз. Ол «жер бетінде қазақ деген халық барын, бұл халықтың тәуелсіз болып, өз тағдырына өзі иелік жасауға құқы бар» екендігін көрсете келіп, соның дәлелі ретінде Абай, Шәккери, Ахмет, Міржақып сияқты ұлы тұлғалардың қатарында Мағжанды да атайды. Оның:

«Таң, күн деген жер жаны,
Бұл екеусіз жоқ сөні,
Оқу-білім ер жаны,
Жараспас ерге құр жаны...»
деген сөздерін келтіріп, «Осындай ақыны бар бір жерде тізе қосып отырған бес миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады» деп тебіренеді. Бұл сөздерді Әлекең 1913 жылы жазған.

Қазақ тарихында, әдебиеті мен мәдениетінің тарихында «Қазақ» газетінің орны ерекше. Мұхтар Әуезов айтқандай: «Қазақтың еңкейген көрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, елін ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңының салқын желіндей ширқтырған, етек-жеңін жигызған «Қазақ» газеті болатын». Міне, осы газетке Мағжан қазақ өлеңі қандай болуы керек екендігін көрсетті. Қазақ ұлтын азаттыққа, өз жеріне өзі ие болып, өркениет көшінен өз орнын табуға шақырды. Туған халқына жастай-ақ қызмет етті.

Мағжанның шығармашылық өмірбаянын да толық, ғылыми тұрғыда жасалған нұсқасы 2018 жылы Петропавл қаласында жарық көрді. Өкінішке қарай, авторлардың қаражаты болмағандықтан сол мағлұматтар көпшіліктің қолына әлі тиген жоқ. Сегіз жүз беттік екі том «Мағжан Жұмабай. Өмірі мен қызметінің шежіресі» деп аталған ғылыми басылымның авторларының бірі – осы жолдардың авторы. Сонда қазір «Мен жастарға сенемін!» деген тақырыппен көпке тараған Мағжан өсиет-өлеңнің Қызылжар қаласында шыққан, Алашшыл қазақы жастар баспасөзінің тұңғышы «Жас азамат» газетінің үшінші санында 1918 жылы 12 тамызда басылғанын да айтамыз. «Мағжан қазақ жастары ой-санасының әміршісі» деген сөздерді Смағұл Садуақасов осы өлеңге байланысты айтқан.

Сібір аймағында Кеңес өкіметі құлаған 1918 жылғы оншақты ай ішінде Ақмола облыстық земствосы арқылы

қазақ ауылдарында қазақ мектептерін ашу, қазақ мұғалімдерін даярлау жолында жарғақ құлағы жастыққа тимей, еңбектенген Мағжан туралы да көпке мәлім емес.

Өзінің өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеушілерге тапсырып кеткен аманатын орындау үстінде, «жаман-жақсы» деп, «екі жар қылып санасақ» та оның соңындағы үзілмеген құғынды, өмірін қиған өлім жазасына негіз болған қандай да бір қылмысын таба қою қиын.

«Жау» деген – жаудың жаласы, Әділ болсан, өмірміңді Ақтарып әділ қарашы.

Отыз жыл өмір бойында, Жазғанымды жайып сап, Екі жар ғып санашы» (1927 жылы жазылған).

Ол ұлтшыл еді. Мағжан да, алаштың басқа да көсемдері өздерінің ұлтшыл екендігін жасырған жоқ. Тіпті, Ахмет Байтұрсыновтың айтуынша: «Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық-зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауруын азайту жолына жұмсамасақ мүмкін емес». Бірақ, ұлтшылдық – қылмыс емес.

Мағжантанудың шешілмеген мәселелері әлі де көп. Уақыт өтеді, ұрпақ алмасады. Ал, біздің арымыз таза болу үшін, көзіміз тіріде жастарға ақиқатын айтатын кез келді деп есептеймін.

«Жұмабаев Мағжан шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер». Мағжан есімі туған халқына толық қайтарылған шақта, 1989 жылы жарық көрген, біршама толық жинақ, осы сүйінші кітап төңірегінде қазақ зиялылары арасында қалыптасқан кейбір ұшқары пікірлер туралы айтарымыз да бар.

Тағдырдың тәлкегін тағы бір қайталап, осы жинақтың алғы сөзін Әбділдә Тәжібаевқа жаздырған ақын жазған білімпаздардың көздегені не? Сонау 1925 жылы Мағжанды жазықсыз жазалап, қорлық пен кекесінге толы өлең жазып, қарғап-сілеген осы Тәжібаев болатын. Заман жәлі қалай соқса, солай жығылғаны туралы қарт ақын: «Бұл менің де, мені тәрбиелей сөйлеткен ағаларымның да тарих алдындағы кешірілмейтін күнәсі еді» деп жазыпты. Яғни, құлағын қалай бұраса, солай сөйлеген патефон деген аспап болғаны мойындағанына да шүкір. Бірақ, қазақ халқын өлшеусіз ауыр қісартке ұшыратқан саяси құғын-сүргін заманында бұл «патефондарды» жай ғана сайрап қоймағанын, өз әріптестері мен қандастарының өліміне тікелей қатысты екенін бүгінгі ұрпақ білуге тиіс. Реті келіп тұрғанда, айтпаса, сөздің атасы өледі, деген шындық осы.

Мына, тәуелсіздік заманында, рухани тіріліп, ортамызға қайта оралған Мағжанның осы жинағына жазылған алғы сөздің мазмұны да жас ұрпақты мейлінше адастырып, онсыз да қорлық көріп, жадымыздан өше бастаған ұлы қайраткер азаматтың бейнесін көлеңкелеп, тіпті тұмандатып жібергенін көре тұра айтпасақ, әруақ алдында біз жазықтымыз. Әлбетте, Ә.Тәжібаевтің бұл «Алғы сөзі» мағжантанудағы ақырғы сөз емес. Бірақ халыққа тарап кеткен кітаптағы теріс қағидаларды көрсету парыз. Әйтпесе, жастар осы мақаладағы сипаттамаларды көшіріп, жаттап алып, Мағжанның шын бейнесін басқаша түсінеді, басқаларға да солай түсіндіреді.

Демек, «...мұндай ғажайып дәуірге жеткізген партия басшылығына біз мың-мың алғысымызды ғана арнамау керек» деген Әбділдә Тәжібаевтің «нұсқауы» – Мағжан және Мағжан сияқты мерт болған жүздеген ұлт қайраткерлерінің әруағын қорлау. «Мың алғысын» компартияның май шелпегіне тойған насихат бұлбұлдарды әлі айтып келеді. Бірақ, жазықсыз жапа шеккендердің, атылып-асылғандардың ұрпақтары алдында ақ сөйлеп, туған халқының тәуелсіздігі, бақыты жолына барын арнаған Алаш қайраткерлерінің кешкен қорлығына, өліміне кім жауапты екенін бүкпесіз айта алатын ауыз да керек.

**Зарқын ТАЙШЫБАЙ,
М.Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан
университетінің профессоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері**

(Жалғасы бар)

Айгүл УАЙС

Елордамызда монументалды, сәндік, архитектуралық шағын ескерткіштердің санынан кемдік жоқ. Жыл сайын қазақ қоғамына еңбегі сіңген тұлғаларымыздың тас мүсінін орнатып жатамыз. Алайда осы ескерткіштердің ішінде қаланың визит карточкасына айналғаны аз. Бұл жерде әрине Бәйтеректің жөні бөлек. Жалпы ескерткіштер мен мемориалдық кешендер тастан қашай салған жай белгілер ғана емес, мәдениет қалыптастырушы ретінде де халықтың тарихи жадының ұстындары болып табылады. Олар өз заманының рухани құндылықтарының символы ретінде қалалық ортаның бейнесін тұтастырады. Тұрғындардың да, елорда қонақтарының да сүйіспеншілігін оятып, айналдасымен үйлесім табуға септеседі.

Сөзіміздің мысалы ретінде Нұрлы жолдың Хан Шатырға дейінгі бойында қалалық кеңістіктің екі қапталында сәндік шағын ескерткіштер орнатылғаны айталық. Жылдар өте келе, оларға үйренісіп те кеттік. Аңдап қарағанға онда қырғыздарға тән дүниетаным, сол елдің аңыздың ізін байқауға болады. Өйткені авторы сол елдікі. Ұлттық нақышын жеткізіп, қолтаңбасын қалдырған.

Сол жолды бойлап Хан Шатырға жетпей, Жастар бағындағы қыз бен жігіттің құшақтасып тұрған «Ғашықтар» деп аталатын ескерткішіне тірелеміз. Жол бойында алған әсеріміз су сепкендей басылады. Қала халқының көңілі толмайтынндай біздің де осы ескерткішке айтар сынымыз бар. Оны кезінде қоғам белсенді көтеріп, қала басшыларына жеткізгісі де келген еді. Алайда ескерткіш орнында әлі тұр. Әдемілікке әрине ешкімнің жаны қас емес. Әлемде ғашықтарға арналған композициялардан хабарымыз бар. Оның кейбір әлемдік өлшемдер ретінде туристерді тартатын нысан ретінде де танымал. Естеріңізге Грузияның Батуми қаласындағы «Эли мен Нино» ескерткішін сала кетейін. Жай иретілген темір сыннан жасалған сегіз метрлік әйел мен еркектің сұлбасы әдемі тарихтан да хабар береді. Мұнда өткен ғасырдың отызыншы жылдары ғашықтық символына айналған діни бөлек екі жастың хикаясын жеткізеді. Өкінішке қарай, қаламызда



ЕСКЕРТКІШТЕР ЕҢСЕСІН ТІКТЕСЕК...

Кез келген ірі қалалардың ұлттық нақышымен бейнеленіп, оның бірегейлігін, өткені мен бүгіннен де хабар беріп, көшелерінің көркін кіргізіп тұратын айшықты нысандарының бірі – ескерткіштер мен мүсіндер. Бұларды қаланың қоғамдық кеңістігінің ажырамас бір бөлігі деуге болады.

қоғамның рухани-адамгершілік жағдайының барынша шоғырланған көрінісін қамтитын және соны ұлттық мүддеден ашатын символдық ескерткіштер аз. Мына ғашықтарымыз дәл осы мүддені, ұлттық идеяны белінен басып тұр. Мұнда көзге түсетіні – бойжеткеннің жалаңаш мүсіні. Суретшінің он екіде гүлі ашылмаған қыздың құлын мүсіні туралы түсінігі басқа сияқты. Әлемде небір жалаңаш немесе жартылай жалаңаш әйел бейнесі сомдалды. Біздің қыздан ондай үйлесім, нәзіктік, таза сұлулық көрмедік. Әрі халықтың үлкені де, кішісі де ең көп жүретін жеріне қазақтың образындағы жалаңаш қызды орнатудың қандай мағынасы бар?

Егер осы жерде қазақтың ғашықтық жырына образ іздесек, «Қыз Жібек» фильмінен Төлегеннің ақ боз атпен еліне аттанғалы алдында Жібекпен қоштасып тұрған бейнесі жарасымды болар еді. Керек десеңіз, осы фильмге ескерткіш қойыңыз. Кешенді түрде келсе, жырдың авторына, киноны жасаған режиссер, музыкасын жазған атақты сазгерге де

белгі болар еді. Қолдан хауыз жасап атақты «Аққу» күйін тартқызып, аққулар жүзіп жүрсен көні. Сонда аталмыш «ғашықтардың» бойындағы кінәрат білінбей, автордың дарынсыздығының дәлелі болып қалар еді. Талғамды осылайша тәрбиелеу керек.

Егер ет қызуымен керемет деп қойылған ескерткіш халық көңілінен шықпай жатса, оны алып тастаудың амалын да қарастыру керек. Спорт сарайының жанындағы галстук тағып алған мемлекеттік қызметкер сияқты, атақты палуан Жақсылық Үшкөмпіров ескерткіші де айналдасына көрік беріп тұрған жоқ. Немесе айналдасын абаттандыру арқылы кем-кегінін толтырып жіберген де дұрыс болар ма еді. Жалпы қала құрылысын жобалағанда үй аралық, аулаларының да көркем келбетін ескерген жөн сияқты. Шағын архитектуралық пішіндермен мәдени және эстетикалық құндылығын қамтамасыз етер едік. Алайда аулалардың айналдасында қоғам өмірін қуа ғана лайықты сияқты көрінеді. Қазіргі күнде қаланың бейнесін

ашатын нысандарды қай жерде орнатудың әлемдік тәжірибесі жетерлік. Жаңадан ашылып жатқан көпірлер мен жол тораптары да сәндеуді қажет етеді. Қалалық магистральдарды айтап ағанның өзінде жасыл белдеу, саябақ аймағының шеңберінің бойында ескерткіштер жүйесін жасап, сәулет-мүсіндік кешендермен көріктендіруге болмай ма? Айтпақшы, қазақ ертегілерінің кейіпкерлерін, керек десеңіз төрт түлік малдың да мүсіндері балалар ауласында орнатылса, несі айып? Ботаникалық бақтың бір жақ қақпасындағы тайқазанның макеті, үйлесімі аз. Есесіне бақтың шығыс жағындағы «Қазақ халқына мың алғыс» ескерткіші орнын тапқан.

Қала ескерткіштерін жоспарлау кезінде, қоғамдық кеңістік пен адам, сәулет пен ескерткіш, мүсін деген ұстанымдарды ұтымды үйлестіре білсе, қала көркейе берер еді.

Сөз соңында белгісіз себеппен «жоғалып» кеткен ескерткіштерді қайтару мәселесін де айтқымыз келді. Нұрлы жолдың гүлзарларында қазақтың жүзік, білезігі шашылып жатушы еді. ЭКСПО-2017 алдында жоқ болды. Орталық алаңдағы қалпақ киіп, бөріні бас білдірген көксерегіміз де көзден бұл-бұл ұшты. Тағы басқа әдемі ескерткіштердің қайтқанын қалаймыз. Одан да қала сәнін бұзып тұрған ескерткіштерден құтылайық.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ. МАНСАПТАҒЫ ІЛГЕРІЛЕУ

Дамудың жаңа кезеңіне қадам басып жатқан Қазақстанда басты бағыттың бірі – мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғырту.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында еліміздегі мемлекеттік аппараттың жоғары кәсіби жұмысының маңыздылығын бірнеше мәрте атап, мемлекеттік қызметке кіру және одан шығу рәсімдерін жеңілдету, бюрократияға жол бермеу, меритократияға жол бермеу, меритократия қағидатын ілгерілетуге қатысты жаңа міндеттер қойды.

Бүгінгі күнде үміткерлер мемлекеттік қызметтегі өзінгі кәсіби қызметін төменгі лауазымнан бастайды, ал олардың одан әрі ілгерілеуі тиісті саладағы еңбегі мен жұмыс тәжірибесін ескере отырып, конкурстық және құзыреттері негізінде жүзеге асырылады. Мансаптық ілгерілеу жеңілдетілген тәртіп бойынша ішкі конкурстар арқылы жүзеге асады.

Басқа сөзбен айтқанда, меритократия әлдеқайда лайықты кадрларды іріктеу және мемлекеттік қызметшілердің жеке жетістіктерін мойындау негізінде оларды әрі қарай кәсіби және мансаптық ілгерілету деген сөз. Әрбір мемлекеттік қызметшінің кәсіби тәжірибесі болған кезде ішкі конкурстар институтының арқасында өзінің мемлекеттік органында ғана емес, республиканың кез келген басқа да аумағында мансаптық ілгерілеу мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментімен кадрлардың жай-күйіне, меритократия қағидаты бойынша оларды тағайындаудың объективтілігі мен ілгерілетуге тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің 2024-2027 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес, меритократия қағидатын сақтау деңгейі 2024 жылы 63,7%-ды құрайды.

2024 жылдың I-жартыжылдығы бойынша Астана қаласының жергілікті атқарушы органдарында ішкі конкурстар бойынша барлығы 32 мемлекеттік қызметші, ал олардың 23 немесе 71,8%-ы жоғары тұрған лауазымдарға тағайындалды.

Жалпы, әлемдегі кез келген жұмыс беруші, алпауыт корпорация болсын қызметке қабылдау кезінде дарынды, көзі ашық, білімді азаматқа басым

дық беретіні сөзсіз. Яғни бұл ең алдымен бәсекеге қабілеттілік дегенді білдіреді. Біздің елде де бәсекеге қабілетті жастар көп екеніне сенімдімін. Осындай жастарды қабілеттеріне және жетістіктеріне қарай меритократия жолымен өсіру қажет деп ойлаймын.

Соның бір көрінісі ретінде мемлекеттік органның қажеттілігіне қарай үздіксіз кәсіби дағдыларын дамытып, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын жоғары үлгерімен аяқтаған түлектерін оқу бітіргеннен кейін бір жыл ішінде өңірлік органдардың бос жекелеген лауазымдарына уәкілетті органның келісімі негізінде тікелей тағайындау мүмкіндігі берілді.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшінің жоғары жұмыс тиімділігін көрсетіп, төрт тоқсан қатарынан бағалау нәтижесі тиімді болған кезде ауысу тәртібімен жоғары тұрған лауазымға тағайындала алуы қызметшілерді қосымша талпындырады деп айтуға болады.

Осы тұста, меритократия қағидатын сақтау неғұрлым лайықты кадрларды іріктеуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ қаржы немесе «байланыстар» емес, жеке сіңірген еңбектерін тану негізінде оларды кәсіби және мансаптық ілгерілетуді қамтамасыз етеді.

Осы орайда мемлекеттік саясатты қалтқысыз жүзеге асыратын, мемлекет және халық тарапынан сенім білдірілген, заңмен үлкен жауапкершілік артылған тұлғалар.

Сондықтан да әрбір мемлекеттік қызметші мінсіз қызметімен, жұмысындағы жақсы көрсеткіштерімен көрінуі тиіс. Өйткені, мемлекеттік қызметші жай қызметкер емес, ол – қоғам мен билік арасындағы алтын көпір, оның басты ұстанымы – өз қамы емес, елдің қамы, мемлекет мүддесі, өзі қызмет атқаратын мекемесінің абыройы болуы қажет.

Айнұр АКУПОВА,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы

ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛІГІНЕ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

Астана қаласы әкімдігінің №12 қалалық емхана» ШЖҚ МКК, Астана қаласы әкімдігінің «Достық» АМСК орталығы» ШЖҚ МКК қадағалау кеңесінің мүшелігіне іріктеу жөніндегі конкурстың басталғаны туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 бұйрығына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда қадағалау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біреуінің болуын қамтиды:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Қадағалау кеңесінің мүшесі ретінде мына тұлғалар сайланбайды:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды қадағалау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:
1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
2) қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
6) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінішінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Конкурстың өтетін орны – Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11-ғимарат, 419 кабинет, 556839.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2024 жылғы 30 шілде.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2024 жылғы 28 тамыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Абай 150 жыл көшесі ауданында, «Астана – өңірлік электр желілік компаниясы» АҚ тапсырыс берушісі объектісінің «Көктем» «110/10 кВ ҚС бокстарын жобалау және салу» егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу.

2. Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Сембинов көшесі 46 А, «Астана – өңірлік электр желілік компаниясы» АҚ тапсырыс берушісі объектісінің «Самал» 110/10 кВ ҚС-да бокстарды жобалау және салу» объектісін егжей-тегжейлі

жоспарлау жобасын әзірлеу.

3. Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Қ.Күмісбеков көшесі, 7а, «Астана – өңірлік электр желілік компаниясы» АҚ тапсырыс берушісі объектісінің «Көктем» «110/10 кВ ҚС бокстарын жобалау және салу» егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар электрондық мекенжайға үлгіге сәйкес нысан бойынша қоғамдық талқылаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде қабылданады. k.baigabylova@astana.kz немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол.

Қаржаубай САРТҚОЖАҰЛЫ

Филология ғылымдарының докторы, тарих ғылымдарының кандидаты, белгілі түрколог ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы 77 жасында өмірден озды.

Қаржаубай Сартқожаұлы 1947 жылы 21 наурызда Моңғолияның Баянхөлгей өлкесінде дүниеге келген. 1973 жылы Моңғолия мемлекеттік университетін бітірген. 1985-1988 жылдары Ленинградтағы Шығыстану институтының аспирантурасында оқыған. 1973-1975 жж. Баянхөлгей аймағында №10 мектепте ұстаз, 1975-1989 жж. Моңғолия Ғылым академиясы Тарих институтының аға ғылыми қызметкері, 1989-1995 жж. Түркі-Қазақ ғылыми орталығының

аға ғылыми қызметкері, директоры, 1995-1998 жж. Баянхөлгей аймақтық мәслихат төрағасы, 1995-1998 жж. Моңғолия ҒА Түркі-Қазақ ғылыми орталығының директоры, 2001 жылдан бері Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Эпиграфика және этнография лабораториясының меңгерушісі болды.

Тарих ғылымының кандидаты, профессор. «Қош бол, апа!», «Қыранның қазасы», «Сөйгүліктер» атты көркем прозалық кітаптардың, 100-ге жуық ғылыми мақала авторы. «Бір автобустағылар» (1986) атты кітабы моңғол тілінде жарық көрген. «Этнокультурный связ древнотюркского-уйгурского каганата» (Алматы, 1988), «Объединенный

каганат тюрков», (Астана, 2001) ғылыми кітаптары шықты. 80-ге жуық ғылыми мақалалары Мәскеу, Ұлан-Батыр, Бейжің, Ыстанбұл, Лондон, Париж, Алматы, Астана қалаларындағы ғылыми баслымдарда жарияланды.

Премьер-министр орынбасарының Құрмет грамотасымен (2001), Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен (2001) марапатталған.

Астана қаласының әкімдігі белгілі түрколог ғалым Қаржаубай Сартқожаұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туысқандары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Астана қаласының әкімдігі

№90 (4678) 30/07/2024 Сейсенбі

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

Париж Олимпиадасының екінші күні Қазақстан қоржынына 1 алтын, 2 қола медаль түсті. Сөйтіп, Токиодағы сәтсіздікті жеңіске айналдырды. Ойындардың екінші күні жалпы саны 82 медаль сарапқа салынды. Әзірге 28 мемлекеттің спортшылары жүлде алды.



ПАРИЖ-2024: СӘТТІ БАСТАЛДЫ

12 елдің мықтылары алтын медаль алып үлгерді. Жапония мен Аустралия спортшылары 4 алтын медальдан еншіледі. АҚШ, Франция, Корея, Қытай 3 алтын медальдан олжалады. Қазақстан, Бельгия, Германия, Гонконг, Өзбекстан атлеттері 1 алтын медаль алды.

Алтын демекші, ұлттық құрамаға сапалы медальды Елдос Сметов салды. Қазақ жанкүйерлері Елдостың қозғалысын бағып, тақымын қысып, теледидарға телмірді.

Бірінші айналымда Нидерланд мықтысы Торнике Чакадуамен белдесті. Викингтердің өкілі турнирге жақсы дайындықпен келіпті. Күрес қосымша уақытқа ұласып, Елдостың қарсыласы үш ескерту алып, жарыстан шықты. 1/8 финалда украиналық Дильшот Халматовты

визари ұпайымен жеңді. Тартысты белдесу ширек финалда орын алды. Спорт сарапшылары Токио Олимпиадасында күміс жүлде алған тайпейлік Ян Юн Вейді Парижде алтын медальға таласатын дзюдошының бірі дегенді. Елдос өзіне сенімді қозғалып, ұрымтал сәтте орындаған тәсілі визари ұпайымен бағаланып, жеңісті жұлып алды. Жартылай финалда Еуропаның үш дүркін чемпионы, испан Франсиско Гарригоспен жолы түйісті. Франсиско қатардағы спортшы емес, ол да Парижде алтын алу үшін келді. Бұған турнирдің негізгі фавориті жапон Рюдзю Нагаяманы ұтқаны қылдында өз биігінен Түспей, Рио-де-Жанейрода күміс, Токиода қола, енді Парижде алтын медаль олжалап, алаш жұртының атын әлемге әйгіледі.

дайды. Бұл белдесу қосымша уақытта ұласып, иппон нәтижесімен Елдос басым түсті.

Ақтық сында жергілікті дзюдошы Лука Мхендз арқаланып, жеңіске жететініне сенімді шықты. Оны қолдайтын француз жанкүйерлері қалың болды. Франция Президенті Эммануэль Макрон да арнайы қолдау үшін жанкүйерлер арасынан табылды. Бірақ біздің Елдос мықты екенін дәлелдеп, вадза-ари ұпайымен жеңіске жетті. Ол 3 олимпиада қилында өз биігінен Түспей, Рио-де-Жанейрода күміс, Токиода қола, енді Парижде алтын медаль олжалап, алаш жұртының атын әлемге әйгіледі.

– Алтын жүлдені оң жақтан

да, сол жақтан да көрдім. Енді алтынды жоғары тұғырда тұрып көру бұйырды, – дейді Олимпиада чемпионы.

Қазір әлем спорты қатты дамып кетті. Әсіресе ғылыммен қаруланған озық елдердің атлеттері турнирлерге рекорд орнату үшін қатысады. Жапонияның дзюдошыларын осы қатарға жатқызуға болады. Біздің Елдос табысты өнерімен ерекшеленіп, елді рухтандырып тастады. Бұл туралы белгілі спорт журналисі Қыдырбек Рысбек: «Елдос жеңісімен қазағының рухын шырқау биікке көтерді. Ел жеңіске суапп отыр екен. Қоң етінен ет кесіп алсаң да, қыңқ демейтін небір жігіттер

кеше Елдостың жеңісіне балдай еріп, көз жастарына ерік берді. Қуаныштың көз жасы, бақыт жасы!» деп толғанды.

Париж төрінде алғашқы медальды оқ атудан Ислам Сәтпаев пен Александра Ле қола жүлде алды. Пневматикалық винтовкамен 10 метрден нысана көздеген Ислам мен Ләнің германиялық мергендермен бәсекесін көрдік. Нысананы дәл көздеуде қырағылықтан бөлек,

сабыр мен шыдамдылық керек екені анық. Біздің мергендер сын сағатта салқынқандылық танытып, жеңісті жұлып әкетті.

Тағы бір қола медальды дзюдошы Ғұсман Қырғызбаев еншіледі. Жарыс жолында Олимпиаданың басты фавориті корейлік Ан Ба Улды жеңді. Ал ширек финалда жарыс қожайыны Валид Хярдың жауырынын жерге тигізді. Жартылай финалда бразилиялық Уильян Лимадан жеңілгенімен, қола медальға таласта серб Страхния Бунчичті жықты.

Өкініштісі, дзюдошы Әбиба Әбужақынова Париж Олимпиадасының қола жүлдесі үшін белдесуде Тара Бабулфаттан (Швеция) жеңіліп қалды. Ұлттық құраманы бастап барған боксшы Асланбек Шымбергенов те келесі айналымға өте алмады.

P.S. Елдос Сметовтың жеңісті жолы өзге қазақ спортшыларына жұғысты болып, мемлекеттік туды төбеге көтеретін сәттерді көп көрейік. Боксшылар, балуандар, жеңіл атлеттер, гимнасшылар мен мергендер қуантады деп ойлаймыз.

ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР

ДӘМЕШТИҢ КЕСЕСІ

Алаш қайраткері Әлімхан Ермековтің қарындасы (ағасы Әмірханның қызы), «Темір нарком» атанған Темірбек Жүргеновтің жары Дәмеш Ермекова-Жүргенова – ағасы мен жұбайы секілді өткен ғасырдың отызыншы жылдардағы қуғын-сүргін құрбаны.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Ол 1938 жылдың 3 қазанында КСРО Ішкі істер халық комиссариятының арнайы қаулысымен отанын сатқандардың отбасы мүшесі ретінде 8 жылға бас бостандығынан айырылды. 1938 жылдың 18 қыркүйегінде Алматы түрмесінен «АЛЖИР» лагеріне жөнелтілді. Ақмола лагерінде 1941 жылдың 5 шілдесіне дейін тұтқынды болды. Қалған мерзімін Қарлағта өтеп, 1946 жылы босатылды.

Дәмеш Ермекова-Жүргенова Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университеттің медицина факультетін бітірді. Осы қалада 1924 жылы Темірбек Жүргеновпен танысып, шаңырақ құрды. Жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін Ташкент медицина институтында оқытушы болды. Бұл Ақмола лагеріне жіберілгеннен бұрынғы өмірі. Ал ақталып шыққаннан



кейін Алматы медицина институтында ұзақ жыл оқытушы болып еңбектенді. Жемісті қызметі үшін оған Қаз КСР еңбек сіңірген дәрігері атағы берілді. Ал 1982 жылы Алматы қаласының Құрметті азаматы атанды. Өткен жылы оның атына Қызылорда қаласында көше аты берілді.

Астана іргесіндегі «АЛЖИР» музейінде лагерь тұтқындарынан қалған көптеген жәдігер сақталған. Арасында Дәмеш Ермекова-Жүргенованың «қошқармүйіз» оюы бейнеленген кесесі де бар.

АСТАНАНЫ АТПЕН АРАЛАДЫ

28 шілде күні таңғы сағат 7.00-ден бастап атқа мінген 30-ға жуық шабандоз Астананың көрнекті жерлерін аралап шықты.

Шапағат ӘБДІР

Бұл ерекше іс-шара көшпенділердің 5-ші Дүниежүзілік ойындары қарсаңында ұйымдастырылып отыр. Шеру кезінде бүкіл маршрут бойынша жол қозғалысы уақытша жабылды.

Іс-шараға қатысушылар «Барыс Арена» мұз айдыны сарайының маңындағы іргелес аумаққа жиналып, Бұқар жырау, Түркістан, Орынбор, Ақмешіт, Достық, Қабанбай батыр даңғылдарымен жүріп өтті.

Сонымен қатар Астананы алдағы ойындарға безендірген шағын архитектуралық формалардың жанынан өткен шабандоздар шеруі Ж.Үшкөмпіров атындағы Жекпе-жек сарайының жанында аяқталды.

Аталған шеруге қатысқан «Tengri Road» саяхатшылар клубының негізін қалаушы Сағадат Темкенов шын мәнінде бұл жай ғана шеру емес екендігін, қазанат пен азаматтың қарым-қатынасының тым тереңде жатқа-



нын айтып, өз толқынысын жасыра алмады.

– Мен қазақ дәстүрлерін насихаттаймын. Солардың бірі – менің жылқыларға деген сүйіспеншілігім. Осы іс-шарадан кейін мен қалаға атпен жиі жүремін деп ойлаймын. Бүгінгі таңда біздің мақсатымыз – қазақстандықтарды мәдениетімізді, тарихымыз бен дәстүрлерімізді көрсететін 5-ші Дүниежүзілік

көшпенділер ойындарына қатысуға шақыру. Осылайша, біз патриотизмді дәріптеп, спортшыларға қолдауымызды және Отанға деген сүйіспеншілігімізді көрсетеміз. Сонымен қатар бұл ауқымды іс-шара қазақстандық туризмнің дамуына үлес қосады. Этно-мәдени код – бұл шетелдік туристерді шынымен қызықтыратын нәрсе. Менің ойымша, біз бұл бағытта

кішігірім және үлкен қадамдар жасауымыз керек, – деді ол.

Сондай-ақ Сағадат Темкенов этно іс-шара эстафетасын Жамбыл облысының өкілдеріне жолдап, ойын басталғанға дейін әр өңірді осындай акция ұйымдастыруға шақырды.

Естеріңізге сала кетейік, 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары 8-13 қыркүйекте өтеді.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqrarat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №90

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС